

ӨӨЖ 82/821(100-87)
ҒТАХР 17.07.41
DOI 10.56525/IFKU6290

АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВТЫҢ САТИРАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТӨРТКҮЛБАЕВА Т.Ә.

Әжінияз атындағы Нөкіс
мемлекеттік педагогикалық
институтының доценті
Нөкіс қ., Қарақалпақстан
E-mail: ttabdigaziqizi@mail.ru

Андамна. Асқар Тоқмағамбетов – қазақ әдебиетіндегі, әсіресе сатира саласының майталман өкілі, жемісті еңбек еткен, тәжірибелі авторы болды. Қаламгердің бұл салада еңбектене бастаған жас ақындарға, фельетоншыларға тигізген әсері мол. Кейін халық арасына есімдері кең тараған, белгілі сатирашы Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Мыңбай Рәшев сияқты көп ақындарымыз Асқар Тоқмағамбетовтан көп өнеге, үлгі алды.

Асқар Тоқмағамбетовтың сатирасы қазақ әдебиеті тарихында айтарлықтай тәрбиелік қызмет атқарған болатын. Өз дәуірінде Асқардың сатиралық туындылары халықтың кең ықыласына бөленген, қолдау тауып отырған. Отанымыздың ауылдары мен қалаларында Асқардың фельетондары, сықақ өлеңдері мен памфлеттері жұртшылыққа кең таралып, ауыздан-ауызға көшіп жүрген, сахналарда орындалып, күйтабақтарға жазылған.

Асқар Тоқмағамбетов қазақ әдебиетіне, оның ішінде сатира жанрының қажет екендігін айтып, сын мен сықақ жанрына өте жоғары талап қойған болса, өзі де бірнеше жыл бойы осы міндетке адал болды, сол жолда бүкіл ақыл-ойын, парасат-қабілетін тежеп қалмай тебірене қалам тербеді. Жаңаша өмір орнатуда етектен тартып, балақтан басар, заманагөй мораль, этика, тұрмыс-салт мәселелеріне қарама-қайшы келетін нәрсенің барлығын аяусыз, пышақтың жүзіндей өткір тілмен әшкереледі. Мақалада Асқар Тоқмағамбетов сатирасы жүйелі, жан-жақты талданып, пайымдалады.

Кілт сөздер: поэзия, сатира, дәстүр, жаңашылдық, әдебиет, юмор, сарказм, күлкі, диалог, сахна.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің қазіргі дамыған жолына көз салсақ, барлық салада оның өрлеп, өркендеп, әлемдік сөз өнеріне қомақты олжа салғанын, бүгінгі көркемдік процестен өзіндік орнын айқындағанын байқаймыз. Оның әрине маңызды бір саласы – тәрбиелік қуаты күшті, асқақ пафосты сатира саласы екендігінде дау болмаса керек. Мұның өзі халық ауыз әдебиетінен бері қарай келе жатқан нағыз халықтық күлкі кестесінің дамып, жазба әдебиетімізде дарынды, талантты сатирашыларымыздың шығармаларымен толығып, дәуір талабына толық жауап беріп, дамып келе жатқандығының дәлелі.

А.В.Луначарский: “Этнография бізге мәдениеттің мүлде қарапайым сатысының өзінде бір рудың екінші руға, не бір тайпаның екінші тайпаға қарсы қоятын ұйымдасқан түрдегі күлкісі болған, екі тайпа бірін-бірі күлкі жарысына шақырып отырған деп түсіндіреді”, – деген еді [1, б. 6].

Әуелгі баста күлкі тайпаның тайпаға, рудың руға қарай бағытталған өткір күрес құралы болғандығы, бертін келе сол қоғамдағы әлеуметтік тартыс пен күрес құралына айналғандығы мәлім. Теңсіздік заманында, таптық қоғамдағы құлдардың құл иеленушіге, бай-шонжарға кедейдің, қанаушыға қаналушының қарсы қаһарлы күресі пайда болды дейді кейбір зерттеушілер. Күлкінің негізгі сипаты әрқандай дәуірге, әрқандай қоғамдық тартысқа байланысты өзгеріп отырғанымен, оның жалпы адамдарға тәрбие беретін қоғамдық мәні, әлеуметтік сипаты әрқашан да жоғары тұрды.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясынан халық мүддесін жырлаған, ел мұнын ескермеген шақтағы елдегі билік өкілдеріне қарсы бағытталған ащы мысқылмен суарылған ашу мен ызалы күлкіні көрген болсақ, Шернияз бен Махамбет, Сүйінбай мен Жамбыл жырларында да уытты мысқыл, зілді күлкі, сықақ өлеңдер көп кездеседі:

Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді,
Өңешін қызарта келеді,
Өнімі азырақ жерде

Үстіне тұз арта келеді [2, б. 36], - деп, жыр алыбы Жамбыл қанаушылардың қанағатсыз, тойымсыз құлқынын, адамгершіліктен жұрдай озбыр кейпін ашық масқаралап, сықақтайды. Мұндай өткір күлкі, ашық сынау – классикалық сатираға ғана тән тәсіл.

Қазақ сатирасын көшелі, шөбі шүйгін өріске шығарып, биік сатыға көтерген ұлы Абай Құнабаевтың сатирасы болды. Абай ақын өзінің кездіктей тіліп түсетін өткір сөзін қазақ қоғамындағы озбырлық пен зорлыққа, надандық пен жалқаулыққа, дүмшелік пен білімсіздікке, мылжыңдық пен опасыздыққа, жалғандық пен екіжүзділікке қарсы бағыттады. “Абайдың озық жағымды идеалы қазақ халқын ағарту, өнер-білімге қолын жеткізу, оны мәдениетті елге айналдыру жолы болды. Сондықтан ол күрес ашқан қоғамдық кесепаттар – надандық, еріншектік, алауыздық, өнер-білімсіздік, ынсапсыздық, шенқұмарлық және тағы басқа қазақ халқының өміріндегі сәлекеттер болды” [3, б. 85].

Абай өзінің “Көжекбайға”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Мәз болады болысың”, “Дүтбайға”, “Бойы бұлғаң” тағы да басқа өлеңдерінде жағымсыз типтердің қайталанбас бейнесін жасады. Оларды ерекше күйінішпен көрсете отырып, уытты, зілді күлкінің нысаны қылды. “Ұлы Абай туындыларындағы бұл күлкі – көбінесе, нағыз күйіктің күлкісі, өмірдің кермек ащысынан туған күлкі. Уытты, зілді, ауыр күлкі. Сатирашы ақын ызадан, күйіктен күледі” [4, б. 66].

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап-ақ сатира жанры жазба әдебиетімізде жаңа бір сипатта, көркемдік тың ізденістер нәтижесінде өркендеп дами бастады. Кедей таптың жауларына қарсы күрестегі, халық ортасындағы жағымсыз, келеңсіз мінез-құлықтармен ымырасыздықтағы, ескі қоғамдық кеселдермен аяусыз күрестегі тиімді де сенімді қару ретінде танылды. Барша кеңестік әдебиеттегі тәрізді қазақ әдебиетінде де кейбір жазушы-ақындар сатираны өнімді қолдана бастады. “Сатира – әдеби қарудың ең шабуылшыл, ең жауынгер, ең уытты түрі” [5, б. 126] сипатында бағаланып, оны өркендету қоғамның ішіндегі ескінің қалдықтарына қарсы күресте де, сыртқы дұшпандарға қарсы күресте де міндет етіп қойылды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің материалы ретінде отандық және қазақ ғалымдарының еңбектері, шығармалары алынды. Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау, салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ әдебиетінде жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап юмор мен сатираға байланысты жекелеген зерттеулер жүргізіліп, арнайы ғылыми мақалалар жариялана бастады. Мысалы Ғалымдар Т.Қожакеевтің “Қазақ совет фельетоны” (1961), Ғ.Әбетовтың “Абайдың саяси сатирасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері” (1960), М.Тілеужановтың “XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрі” (1957) тақырыптарында қорғалған кандидаттық диссертациялары осы саладағы алғашқы ғылыми зерттеулер болды деуімізге негіз бар. Кейінірек қазақ сатирасын зерттеуші профессорлар, филология ғылымдарының докторлары А.Мұсаев, Т.Қожакеев, М.Тілеужанов зерттеулерінде қазақ сатирасының қоғамдық мәні, даму барысы мен тарихы, теориялық және практикалық проблемалары

кеңірек қарастырылды. Сонымен бірге, С.Қорабаев, Р.Алтынбекова, Е.Тұрсынов секілді ғалымдар сатира тарихы, сатиралық жанрлар, сатирадағы идеялық-көркемдік болмыс пен дәстүр туралы маңызды тұжырымдар жасап, ғылыми диссертацияларын қорғаған болатын.

Қазақ әдебиетіне жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдары қосылып, әдебиетіміздің қарқынды дамуына мол үлес қосқан ақын Асқар Тоқмағамбетов те осы салада өмірінің соңына дейін үздіксіз еңбек етіп, өзінің біртуар шығармаларын жазды. Асқар Тоқмағамбетов сатираның барша жанрларына қалам тербеп, мысалдар, сатиралық өлеңдер, памфлеттер мен фельетондар жазды. Осылайша қазақ әдебиетінде сатира жанрының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосты.

Оның сықақ туындылары – басқа елдердің де танымал, көрнекті сықақшы-әзілкештерінің шығармаларымен иық теңестіре алатындай, идеялық-көркемдік және тақырыптық жағынан өте құнды еңбектер. Сықақ-әзіл сүйер оқырмандарды өзіндік қолтаңбасымен, өзіне ғана тән жазу мәнерімен, уытты да қуақы тілімен елең еткізетін, көптеген жинақтар жариялаған Асқар Тоқмағамбетов барлық жанрда сатиралық туындылар жазып, проза мен поэзияда орасан мол мұра қалдырды. Осы жолда талантты ақын ел мүддесі, қоғам сұранысы, халық болашағы, оның рухани тазалығы үшін ойлы күлкі мен отты сықақтың күшін пайдаланғандығы, сатираны орынды, тиімді қару еткендігі айқын. Қазіргідей, еліміз егемендік алып, тәуелсіздіктің баяндылығын тиянақтап, халықтың рухани қазынасын түгендеп жатқан тұста атақты сықақ шеберінің сатиралық туындыларын зерделеп-зерттеу, бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, талдау – заман талабы, маңызды міндет.

Асқар Тоқмағамбетовтің жеке туындыларымен бірге, оның уытты сатирасы туралы жайлы әр кезде А.Мұсаев, Т.Қожакеев, М.Тілеужанов, Қ.Мұхамеджанов, Ғ.Қабышев, М.Әлімбаев, Қ.Нұржанов, Ұ.Доспанбетов, Р.Нұрғали, С.Оспанов, С.Бердіқұлов, Ұ.Уайдин, С.Әшімбаев, О.Сәрсенбаев, К.Әмірбеков, С.Жұмабеков, З.Серікқалиев, О.Иманалиев, Т.Естенұлы, Б.Әбдіразақов, Б.Сарбалаев, Қ.Шаңғытбаев тағы басқалар мерзімді баспасөз беттерінде пікір-ойларын айтты. Ақынның басқа туындыларымен қатар сатиралық шығармалары да республикалық баспаханалардан бірнеше рет жинақтар болып басылды. Қазақ әдебиетіндегі юмор мен сатираның жетіліп, барынша дамуына қомақты үлес қосқан ұшқыр өлеңі болғандығы белгілі. Классикалық әдебиет пен фольклорлық мұралардағы қағытпа-қалжың, әзіл-оспақ өлеңдер мен толғау-жырларлардағы сатира ғасырлар бойы қазақ халқының қасірет-қайғысы мен мұң-арманын көтерісіп келген еді. Сатираның жаңа қырға көтерілген кезеңі – Абайдан Асқар Тоқмағамбетовке дейінгі аралықта қазақтың қарапайым қара өлеңінің уыттылық, қарымдылық қадыр-қасиетін ерекше танытып, адамдар мен қоғам бойында кездесетін нұқсандарды әшкерелеудегі өткірлігін, айқын көрсетті.

Жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдары жаңадан қарқын алған қазақтың сатирасында да поэзиялық жанр басты орында тұрды. Сатиралық өлеңдер әртүрлі өткірлік құралдармен, пішіндік өрнекпен сатираның идеялық-тақырыптық арнасын кеңейтіп, көркемдік-түрлік сапасы да көтеріле түсті. Баллада, пародия, эпиграмма, пародия, кейінірек памфлет секілді сатиралық жанрларда жазылған өлеңдер облыстық, республикалық баспасөздерде жиі көрініп отырды.

Жергілікті жерлерден талантты сықақшы ақындар шыға бастады. Кейінірек, яғни 60-жылдары белгілі ақын Асқар Тоқмағамбетов бастаған сықақшылар қалыптасып, “Ара” журналы және басқа да журнал-газет беттерінде өткір, әдемі әзілдері мен уытты сықақтарын жариялап тұрды. Бұл кезеңде Ұ.Уайдин, О.Әубәкіров, И.Шұғаев, О.Иманалиев, Ш.Смаханұлы, М.Рәшев, С.Кенжеахметов сияқты ақындар сықақ-сын өлеңдерімен республикаға кең таныла бастады.

Асқар Тоқмағамбетовтың шығармашылық жолының алғашқы кезеңіндегі (1925-1930 жж.) туындыларында жарлы-жақыбайлардың байларға қарсы бағытталған таптық күресін, әйел теңдігін жырлаған болса, кейін интернационализм, Отанды қорғау, интернационализм, халықаралық ынтымақтастық тақырыптарына шығармалар жазды. Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес азаматтарының тыл мен майдандағы ерліктерін, халықтар

достығын, соғыстан кейінгі жылдардағы бейбіт өмір тынысын-тіршілігін, социалистік құрылыстағы еңбек адамдарың жасампаздық істерін өз туындыларына арқау етті.

Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығының үлкен бір саласы – сатиралық туындылар. Әдебиет босағасын «Ленин суретіне» өлеңімен аттаған талантты ақын «Лениншіл жас» газетіне 1927 жылы жауапты хатшы болып тағайындалды. Содан бастап сатира жанрында қалам тербеді. Келесі жылы оқырмандарға «Күлкі-сықақ өлеңдер» атты жинағын ұсынды. Сол уақыттан бері қарай қазақ әдебиетінің осы жанрында өзінің үлесін қосып, талай жинақтарды баспадан шығарды. Асқар Тоқмағамбетовтың шебер сатирашы болып қалыптасуына өскен ортасы әсер еткен еді. Әкесі аздап өлең жазатын адам болса керек. Сонымен қатар Қызылорданың Қармақшы, Қазалы, Шиелі, Тереңөзек аудандарында Даңмұрын, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Қуаныш секілді өлең қырандары өмір сүрген. Олардың көбі сықақшыл, суырыпсалма ақындар болған. Ауыл молдаларынан хат таныған жас жоғары аталған жыр жүйріктерінің ортасына түседі. Осы орта Асқардың ақындық қуатын оятып, сықақшылық талантын туғызады. Ақынның «Тәлімімнің анасы – өзім өскен орта» деген сөзі мұны нақтылай түседі.

Асқар Тоқмағамбетов жас шағынан ел арасындағы ауызы дуалы даналардың шешендік сөздерімен, аңыз-әңгімелермен танысса, соң кеңес мектептерінде Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт шығармаларын оқып жетіледі. Ташкентте 1924 жылы техникумда оқып жүргенде орыстың классикалық әдебиетінен сусындайды. Демьян Бедныйдың, В.Маяковскийдің, И.А.Крыловтың сатиралық туындыларын құмарта оқиды. Осының бәрі ақынның сөз өнерінің сырын терең ұғынуына мүмкіндік береді.

Асқар Тоқмағамбетов сатирасының негізгі басты тақырыбы – мораль, адамгершілік, тәрбие мәселесі. Қоғамдағы келеңсіздіктерді, адамдардың іс-әрекетіндегі, мінез-құлқындағы, өмір салтындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі кемшіліктерді, ұнамсыз, жағымсыз мінез-қылықтарды әжуалайды. Олар, әсіресе, жемқорлық, парақорлық, өсекшілдік, маскүнемдік, күншілдік, жағымпаздық, арызқойлық, тоғышарлық, шаруаға қырсыздық, мәдениетсіздік, бұзақылық, көзбояушылық секілді күнделікті тұрмыста, өмірде жиі кездесетін типтік кемшіліктер, бағзы заманнан сынға ілініп, талай сықақшылардың нысаны болған жайлар.

Қай қаламгердің болса да, өзіне дейінгі рухани мұралардан сусындап өсетіні айқын. Ерте заманнан келе жатқан халқымыздың озық дәстүрлерінің ақын шығармашылығына жүйелі түрде әсері болатындығы сөзсіз. Солар арқылы қаламгер өзінің шығармашылық жолын айқындап, суреткерлік шеберлік өрісін кеңейте түседі. Озық дәстүрден үйрене отырып, оны дамыта өзінше түседі, тың ізденістерге барып, жаңалық тауып отырады. Әдебиет саласында өз қолтаңбасын қалдырып, жаңа сипат, соны нышандарымен өзі де сол дәстүрдің жалғастығына ұласып, болашақ буынға үлгі-өнеге қалдырады. Бұл – өнердегі дамудың даңғыл заңдылығы. Әдебиеттегі үндестік, әдеби буындар ортасындағы алтын көпір осылай өз жалғасын тауып, дәстүр сабақтастығын, жаңашылдықтың жасампаздығын дәлелдейді.

“Дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблема кең мағынасында философиялық проблема. Себебі бұл дүние жүзіндегі барлық даму атаулының тетігі. Мұнсыз өсу, өрбу, өзгеру жоқ. Онсыз өмір жоқ, - дейді академик М.Қаратаев, – ...Ол бұрынғы мен бүгінгінің, көне мен жаңаның аралығындағы табиғи жалғастық құбылыстарының заңдылығы, философия тілімен айтсақ, дәстүр мен жаңашылдық дейтін проблеманың қарастыратын заңдылығы” [6, б. 4].

Асқар Тоқмағамбетов өзінен алдыңғылардың шығармашылығынан, отты жыр-өлеңдерінен сусындап өсті, олардан үлгі-өнеге алды. Өткен өмірдің озық дәстүрлеріне нық табан тірей отырып, соны пішін мен мазмұндық үлгі тауып, жаңаша тың ізге түсті. Халықтың асыл тілдік құнарын өз бойына сіңіріп, Шал ақын мен Абай, Шернияз бен Махамбет, Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаев, Жамбыл сияқты ұлылардың мұрасын жаттап өскен Асқар Тоқмағамбетов олардан көп өнеге таба білді.

Сықақ-сынға ақын осылайша мол дайындықпен келген еді. Содан бастап сатира сардары болып, семсер сөзін қоғамдағы дертті жоюға қолданғандардың алдыңғы қатарында болды. Осы уақыт ішінде ақын мыңдаған сын-сықақ жазды. Ақиқатын айтсақ, бұл туындылары – кеңестік Қазақстанның даму тарихын суреттейтін, елдің қоғамдық-рухани өмірінің өркендеуін, өзгеруін, өсуін сипаттайтын көркем-тарихи деректер, республикамыздың даму, өсу жолындағы әрбір сындарлы кезеңнің, әрбір бетбұрыстың, әрбір науқанның жаңғырықты сәулесі, дабылы болып келді, осының бәрі әрине қоғамдық дамуға өзіндік серпін бергендігі анық.

«Асқар сатирасы – өзіндік мінез-сипаты, өзіндік тыныс-мазмұны бар сатира. Бұл даралық, алдымен, оның әр кез замана талабымен үндес жатуында, дәуір рухымен бірге адымдауында, тақырып, идеясының өз кезеңінде қойылып, шешіліп жатқан өмірлік, әлеуметтік мәселелермен, тұрмыс-тіршілік талаптарынан туындауында», – деп жазған еді белгілі сатирананушы, ғалым Темірбек Қожакеев [7].

Қаламгер сатирасы – өмірмен тығыз байланысты, мазмұн мен көркемдікті, шындық пен шеберлікті өмірден тапқан шынайы сатира. Шындығында да, Асқар Тоқмағамбетов дәуір өзгерісін, әр кезеңдегі мақсат, міндет өзгеруін қадағалап, өз сатирасының нысанасын да, мазмұнын да шұғыл өзгерте қойып, сол көтерілген тақырыптарды күнделікті өмірмен орайластырып отырады.

Қаламгердің өзі өмірге табынып өткен. Бірде ақын: «Маған тәлім қайдан келген? Самородокпін бе? – деп сұрау қойып, «Жоқ, өмірден үйрендім. Басты ұстазым да – өмір. Өмір менің ішкі дүниетанымыма, жан-жүйеме ізгі әсер етіп, адамдық қалпымды тәрбиеледі. Ең зор шындық осы! – деп жауап береді.

Ақын шығармашылығының әсерлілік, пәрменділік, кең танымалдық, үгітшілік сыры өмірмен тығыз байланыстылығында екендігін сол кезеңде Ғабит Мүсірепов те байқаған болатын. «Асқар – күнделікті өмір тақырыбымен аралас-құралас қонып жүрген ақын», – деп жазды ол [8]. Асқар Тоқмағамбетов қазақ әдебиетінің кешендеу дамыған сатира жанрын шұғыл қолға алып, онда жемісті де өнімді қызмет етті. Әрине, көбірек жазылған және дәуір талабына өзекті үн қосқан туындылардың ішінде сол кезеңнің белгілі науқандарына байланысты маңыз-күшін жойғандары да кездеседі. Дегенмен, оның негізгі жағы – белгілі бір маусымға байланысты істің шеңберінде қалып қоймай, уақыт сұранысына жауап берген, ескілікті әшкерелей отырып, қоғамдық дамудың алға басуына елеулі үлес қосқан көркем шығармалар.

Ол фелъетондар мен сықақ өлеңдер жазуға қабілеттілігін көрсете отырып, өз заманының ұнамсыз, жағымсыз типтерін жасады. Сол жылдары жазылған Асқар Тоқмағамбетов сатирасынан оның «Күдікті күңкіл», «Саудагер молда», «Арыздың арызы», «Тұтам құйрық» секілді сықақ-сын өлеңдерін айтуға болады. Оларда биліктен құлаған әкімдердің іс-әрекетін әшкерелеумен бірге кеңестік мекемелердегі төрешілдік мінезді де айыптайды. Әсіресе, соңғы «Арыздың арызы» өлеңінде бір мекемеде өз уақытында қаралмай қалған кедей-жалшының арызы туралы сөз болады.

Үстімнен басып мұз қағаз,
Қысты өткіздім, келді жаз.
Астында қалдым түншығып,
Қимылдауға жоқ лаж, – дейді іске тігіліп, қаралмай, қағаз арасында қалған арыз.

«Андасовтың айласы» атты өлеңінде Андасов деген мұғалімнің оқытушыға лайықсыз дүмшелігін - келбетін аз сөзбен-ақ көз алдымызға жайып салады. Шағын шумақтың өзімен сауатсыз болғанымен қоймай, балаларды алдап, пайда тауып жүрген білімсіз оқытушының сиқын өткір сықақпен түйреп былайша бейнелейді:

Сабаққа жайлап Андасов келеді,
Асықпай ғана жай басып келеді.
Үш жылдан бері есебін тауып,

Ілдалдамен жайласып келеді,
 Сабакқа кірерде саса келеді,
 Абыл\құбыл баса келеді.
 «Далше кеттік, балалар» деп,
 Кітапты кірмей аша келеді.
 Лекция деген өмірі болмайды,
 Ілгері қарай баса береді.
 Айтқан сөзінде түйір болмайды,
 Бірақ, сабағы қиын болмайды,
 Жылдық сынақта өте шығасың,
 Емтихан дегенің бұйым болмайды [9, б. 7].

Асқар Тоқмағамбетовтың 20-жылдардағы сын-сықақ өлеңдерінен сол дәуірдегі өмір шындығының жарқын суреттерін анық көреміз. Конфискация, жер бөліс кезінде жалған, шолақ белсенділік тонын жамылып, кедей-жарлыларға «қамқор» болып шыға келген шонжар байлардың құйыршықтары, түйені түгімен жұтатын нысапсыз жемқорлар, кеңес заңын тұрпайы бұрмалаған төрешіл зиянкестер шыншыл ақын өлеңдерінде аяусыз әшкереленді. Жаңа мен ескінің сол дәуірге тән күресін айқын көре білген ақын күні өткендерді ымырасыз түйреп, кеңес азаматтарын ескілік шырмауығынан шығуға шақырды. Сондай сықақ өлеңдерді оқып отырып, олардың осы бүгінге дейін өз құндылығын жоймағандығын аңғарамыз. ХХ ғасырдың 20-жылдары жазылып, соң қаламгердің бірнеше маңызды жинағына енген «Заң балта», «Күдікті күңкіл», «Саудагер молда», «Заң балта» сықақ өлеңдері бұл ойымызды дәлелдей түсетіні анық. Олардың ел ішінде әлі де болса айтылып жүруі, ұмытылып қалмай келе жатқандығы – осы сықақ өлеңдердің қазіргі күннің керегіне де жарайтындығын көрсетеді деп түсінуіміз керек.

Қаламгердің «Қуанышты күңкіл» мен «Күдікті күңкіл» өлеңдері бір-бірімен өзара сарындас, тақырыптас болғанымен, кейіпкер, көңіл-күйлік эмоциясы жағынан антипод, кереғар өлеңдер. Мұнда қатыны мен кейіпкердің ортасындағы диалог, сұқбат түрінде беріліп, екі түрлі қалыптағы, жағдайдағы кейіпкерлердің жағдайын бейнелейді. Өлең Бейімбет Майлиннің бізге белгілі «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңіне ұқсас. Мұның өзі-ақ сатирашының Бейімбет Майлин поэзиясынан да үлгі, өнеге алғандығын, сонымен бірге сол дәстүрді мұнан ары қарай дамыта түскендігін көрсетеді.

Мысалы:

Қатын,
 Есіттің бе сен?
 Жоқ!
 Тыңда, айтайын мен.
 Кеше ауылнайға жолықтым.
 Не дейді?
 Айтқанынан қорықтым.
 Малды алатұғын болыпты.
 Қойшы әрі!
 Мырзакем де жолықты.
 Қайдам, Қойбағардан шошынам.
 Неге?
 Бір сөз шығар осыдан.
 Былтыр малды соған бөліп ем...
 Ендеше алады,
 Айтқанын талай көрім ем.
 («Күдікті күңкіл»)

немесе:

Қатын, Есіттің бе сен?
 Немене?

Тыңда, айтайын мен.
Бүгін
Бір жалшыға жолықтым.
Не айтты?
Қуанышқа молықтым.
Байдың малын алатұғын болыпты.
Шын ба?
Шын, аулынай да жолықты.
Байдың он қарасы менің атымда.
Солай ма еді?
Білдіргенім мақұл ма?!
Көрсетем, қорлығы әбден өтіп ед.
Көрсетсең көрсет,
Басынып-ақ кетіп ед!

(«Қуанышты көңкіл»)

Осы тақырып соң қаламгердің «Төраға», «Төрешілдік» деген өлеңдерінде тереңдей түседі де, онда қолынан ешқандай іс келмейтін болбыр бюрократтың сатиралық образы жасалады. «Төраға» атты 1926 жылы сықақ өлеңін оқып көрелік.

Мысалы, «Төрешілдік» дейтін өлеңінде:

Арыз түссе алдына,
Бір оқуға ерініп,
Алқымынан қиғаштап,
«Тәртіп» салады керіліп.
Тастай беріп хатшыға:
Орында! – дейді тебініп.
Әйел келсе алдына,
Отырғанда ерігіп,
Көтеріліп керілед,
Өз-өзінен серігіп –
Жымың-жымың күлімдеп,
Емпеңдейді, емініп,
Шаруа келсе алдына,

Шыға тұр! – дейді шегініп..., деп, төрешілдіктің, бюрократтықтың шынайы бейнесін көз алдымызға алып келеді. Бюрократтық салқыны қандай болатындығы бастықтың өмір салтымен шебер кестеленеді. Оны әралуан жағдайда алып, аяусыз әшкерелейді.

Өлеңнің негізгі кейіпкері өзі қазақ болса да, қазақша сөйлеуге намыстанады, ана тілінде сөйлегісі келмейді. Орысшаға шорқақ, қазақшаға одан да өткен олақ. Төраға шаруалардың қазақ тілінде жазған арыздарын, өтініштерін қабылдамайды, әлсіздердің сөзіне құлақ аспайды, маңына жолатпайды:

Бар деген соң барыңыз,
Айтқан тілді алыңыз.
«Черт знай, ей богу»,

Қолым тимейт, наныңыз, – дейді арсыз төраға арыз шағыммен келгендерге.

Қаламгер сатирасы поэзия мен прозаны емін-еркін жайлап жатқаны баршамызға белгілі. Тұрмысымыздың, өміріміздің сәніне қылықтары теріс келіп қалатын тоғышарлық атаулыны арқандан қағып, бастап сипап отырып та, немесе желкеден түйіп, жақтан осып та сілейтетін мінезі бар. Бұған қаламгердің көптеген сықақ өлеңдері дәлел.

«Маймұрынға Майшелпек» деген өлеңінде коммунизм орнауынан дәмелі болған Маймұрынның мақсатты қоғамдық құрылыстың мәнін, оны құрудың негізгі жолдарын

түсінбесе де, коммунизмді «жатып ішетін» қоғамдық формация ретінде көзіне елестетіп, соны армандауы әжуаланады:

Тоғышар, топас Маймұрын,
Жатып алып бір қырын,
Газет оқи қалады,
Абыржып айғай салады:
Қатын жолдас, қайдасың?
Оқудың қара пайдасын!
Баратын болыппыз, білдің бе?
Қайда?
Коммунизмге!
Онда барсақ, не болмақ?
Түсінбейсің, ақымақ!
Мен айтайын, сен тыңда,
Онда:
Оң жағыңда үш жастық,
Сол жағыңда құс жастық,
«Жұмысқа шық» дейтұғын
Болмайды екен түк бастық.
Аузыңа әкеп құяды,
Көзді жұм да, жұта бер,
Қанша ішіңе сияды?..

Қаламгер кейбір сықақ өлеңдерінде диалогты да ұтымды пайдаланады. Диалог – кейіпкерлердің екеуара әңгімелері арқасында олардың нақты жағдайлардағы мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттерін, өмірлік бейнесін танытатын өнімді де тиімді құралдардың бірі.

«Бітеу жара – пара» атты өлеңінде ақын жемқорлықтың ел ішінде кең таралып бара жатқандығын әжуалайды. Парақорлықтың зиянды дерт екенін басқаның емес, сол параның өз атынан баяндайды. Бүгінгі таңға дейін жойылып кетпей, қайта қоғам арасында кең етек алып отырған жемқорлық әдеттің ауыр зардаптарынан осылайша елді сақтандырады:

Хандардың да мойнына міндім,
Ханымдардың да қойнына кірдім.
Бидің қазанында қайнадым,
Молданың азанына байландым.
Тозған десең, тозған-ақпын,
Құритын-ақ жазған-ақпын.
Қылмыстының қалтасында,
Жылпостықтың арқасында
Қалып жүрген сияқтымын,
Заман алдында ұяттымын,
Мынау ғой сиқым,
Ылғи ғана қиқым...
Бітеу, сасық, жарасың,
Аты шулы Парасың,
Осы оңбаған түріңмен
Қашанға дейін барасаң?!

«Көкала ат» деген өлеңінде аттың арықтығын, қоңсыздығын, қалқиған тек сүйегі ғана қалған аянышты жағдайын оған шаруашылық басшыларының жақсы, дұрыс қарамауынан, күтімнің кемдігінен екенідігін мегзей отырып, аттың жағдайын оның сырт келбетін кекесін түрінде көрсетумен жеткізеді:

Бәрекелді, ат бақсаң, осындай бақ,
Жіп құйысқан байла да, қоңырау тақ.
Сүйектері ән салсын салдыр-күлдір,

Құр тулағын қалдырып, мін-дағы шап! [10, б. 38] – деп бейнелейді.

Өнер мен әдебиеттің тарихында шынайы туындылардың уақыт пен ғасырлар тозаңына төтеп беріп, оның көмескілендіретін ықпал-әсеріне алдырмай, жылдармен қатар өмір беретіндігі әлдеқашан дәлелденген. Әдебиетті өмір айнасы, уақыттың шежіресі десек, сатираның да сол өзі жазылған дәуірдің сырын, құпиясын ашып көрсететіндігі, өз кезеңінің кемшіліктерін, нұқсандарын заманы мен адамының бейнесін танытатыны айқын. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша, сатирадағы сынның әшкерелеушілік қуаты да заманына байланысты өзгеріп отырған. Ол түрлі кезеңдегі сатира нысанының халыққа, қоғамға қауіптілігі мен зияндылығына, оған деген ыза-ашу немесе кекесін-мысқыл сияқты әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастың салмағына байланысты болады. Сатираның даму тарихына тереңірек қарасақ, бұған анық көз жеткіземіз.

Сонымен бірге қоғамдық сана өркендеп өскен сайын сатираның қоғамдық сапасы артып, қоғамның талабы мен адамдардың рухани-әлеуметтік деңгейіне байланысты юмор мен сатира нысанасы болатын тақырыптар да өзгеріп отырады. Осыдан елу-алпыс жыл бұрын сатирада мысқылданған, келекеніп, әшкереленген мәселелер, көпшілікке таңсық, ерсі көрінген кейбір жағдайлардың бүгін олайша көрінбеуі, яғни қалыпты үйреніскен жағдай ретінде қабылдануы мүмкін.

Қорытынды. Юмор мен сатира қайшылықты құбылысты күлкіге айналдырып, жамандықтан жирендіре отырып, осы арқылы жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Яғни, ол адамды жақсы қасиеттерге тікелей еліктетіп, өнеге етіп емес, керісінше, жағымсыз құбылыстарды мансұқтай отырып, содан аулақтата, безіндіре отырып, дұрыс әрекеттерге баулиды. “Ол сұмдықтардан қашық бол, мұндай болма, оның бетін әрі қылсын” деп, сықақ болған жағдайдың бетін көрместей қылып, жарқын мақсаттарға, биік идеалдарға, жетелеп отырады.

Тіршілік-өмірдегі, адамдар іс-тәртібі мен мінезіндегі өрескел, келеңсіз, күлкілі құбылыстарды сатиралық туындыға негіз қылғанда ақын жай адам көзіне байқала бермейтін, кейбір ұсақ-түйек көрінетін жайлардың өзін әдемі де әсерлі суреттеп, шұрайлы бай тілмен, комизм құралдарымен құлпырта, құбылта көрсетіп, маңызды ой туғызады, оқырманды сақтандырады, ойлантады, сескентеді, жирендіреді. Алайда, шығарманы жай күлкі үшін ғана емес, тегеурінді түйін, астарлы оймен тұздықтап, одан тәрбиелік мәні бар, тағылым алатын өміртану құралы сипатында ұсынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Луначарский А. В. О смехе //Литературная критика, № 4, Москва, 1935. С. 5-12.
- [2]. Жабаяев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы, 1 т., Алматы, 1972. - 336 б.
- [3]. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы //Абай тағылымы, Алматы, 1986. Б. 84-90.
- [4]. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек, Алматы, 2000. - 265 б.
- [5]. Кольцов М. Писатель в газете, Москва, 1961. - 139 с.
- [6]. Қаратаев М. Дәстүр мен жаңашылдық, 1- кітап, Алматы, 1980. - 366 б.
- [7]. Қожакеев Т. Семсер сөздің зергері // Қазақ әдебиеті. 20 қыркүйек, 1985.
- [8]. Тоқмағамбетов А. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1953. – 302 б.
- [9]. Тоқмағамбетов А. Төрт томдық шығармалар жинағы. III том. Алматы, 1984.- 356 б.
- [10]. Тоқмағамбетов А. Алтын жапырнақтар. Алматы, 1975. – 264 б.

REFERENCES

- [1]. Lunacharskij A. V. O smehe //Literaturnaja kritika, № 4, Moskva, 1935. S. 5-12.
- [2]. Zhabayev Zh. Eki tomduq shygharmalar zhinaғы, 1 t., Almaty, 1972. - 336 b.
- [3]. Kәkışhev T. Abajduң satirasy //Abaj taғыlymy, Almaty, 1986. B. 84-90.
- [4]. Shapaj T. Shyn zhүrek – bir zhүrek, Almaty, 2000. - 265 b.
- [5]. Kol'cov M. Pisatel' v gazete, Moskva, 1961. - 139 s.
- [6]. Qarataev M. Dәstүr men zhaңashyldyқ, 1- kitap, Almaty, 1980. - 366 b.
- [7]. Qozhakeev T. Semser sөzdiң zergeri // Qазақ әdebieti. 20 qyrқүйek, 1985.

- [8]. Тоқмағамбетов А. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1953. – 302 б.
[9]. Тоқмағамбетов А. Төрт томдық шығармалар жинағы. III том. Алматы, 1984. -356 б.
[10]. Тоқмағамбетов А. Алтын жпырнақтар. Алматы, 1975. – 264 б.

Торткулбаева Т.А.

*Нукусский государственный педагогический институт им. Ажинияза
Нукус, Каракалпакстан*

САТИРИЧЕСКИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ АСКАРА ТОКМАГАМБЕТОВА

Аннотация. Аскар Токмагамбетов - известный представитель сферы сатиры в казахской литературе, плодовитый автор. Влияние поэта на молодых поэтов, фельетонистов, которые начали работать в этой области, немалое. Многие из наших сатириков, такие как Оспанхан Аубәкиров, Шона Смаханулы, Мынбай Рашев, имена которых впоследствии стали широко распространенными среди населения и признанными известными сатириками, получили от Аскара немало примеров.

Сатира Аскара Токмагамбетова занимала значительную воспитательную роль в казахской литературе. В свое время сатирические произведения Аскара пользовались уважением и поддержкой публики. В разных частях страны, в селах и городах широко распространялись стихи, фельетоны и памфлеты Аскара, передавались из уст в уста, исполнялись со сцен и записывались в кюйтабак.

Аскар Токмагамбетов предъявлял высокие требования к литературе, в том числе к жанру сатиры, к критической сфере в литературе, а сам был верен этому долгу в течение шестидесяти лет, не сдерживая при этом умственных способностей. В статье систематически анализируется и осмысливается сатира Аскара Токмагамбетова.

Ключевые слова: поэзия, сатира, традиции, новаторства, литература, юмор, сарказм, смех, диалог, сцена.

Torkulbaeva T.A.

Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaza, Nukus, Karakalpakstan

SATIRICAL WORKS OF ASKAR TOKMAGAMBETOV

Abstract. Askar Tokmagambetov was a well-known representative of the field of satire in Kazakh literature, a productive and enthusiastic author. The poet has no less influence on young poets and feuilletonists who began to work in this field. Later, many of our satirists, such as Ospankhan Aubakirov, Shona Smakhanovich, Mynbay Rashev, who became widely known among the people, received a lot of examples and examples from Askar.

The satire of Askar Tokmagambetov has performed a significant educational function in Kazakh literature. In his time, Askar's satirical works were popular and supported by the public. In different parts of the country, in villages and cities, Askar's poems, feuilletons and pamphlets were widely distributed among the population, passed from mouth to mouth, performed on stage and recorded on kuytabak.

Askar Tokmagambetov noted the need for literature, including the genre of satire, and made high demands on the field of criticism in literature, but he himself remained faithful to this duty for sixty years, without restraining his mind and abilities. In establishing a new life, he mercilessly and sharply exposed everything that contradicts the problems of modern life, morality and ethics. The article systematically analyzes and analyzes the satire of Askar Tokmagambetov.

Key words: poetry, satire, traditions, innovations, literature, humor, sarcasm, laughter, dialogue, scene.